

«Қазақстанның Экспорттық-
кредиттік агенттігі» АҚ
Басқармасының
2026 жылғы «30» Шілде № 49
хаттамасына № 4 қосымша

«Қазақстанның Экспорттық-
кредиттік агенттігі» АҚ
Басқармасының
2026 жылғы «30» Шілде
шешімімен бекітілген
(№ 49 хаттама)

**Экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын көрсету кезіндегі
«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
экологиялық және әлеуметтік саясаты**

Астана қ., 2026 жыл

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 зрк от 7 января 2003 года №370-ІІ "Об электронном документе и электронной цифровой подписи", равнозначен документу на бумажном носителе.

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	Экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын көрсету кезіндегі «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясаты
ІНҚ иесі	Халықаралық ынтымақтастық департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық жұмыскерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
Еңгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	

Дата: 30.12.2021 16:49:10. Версия СЭД: SimBASE4. Положительный результат

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	4
3-тарау. Саясаттың қолданылу саласы, мақсаттары мен қағидаттары	5
4-тарау. Сактандыру қолдауын көрсету кезінде экологиялық	8
және әлеуметтік факторларды есепке алу	8
5-тарау. Жасыл және әлеуметтік жобаларды сәйкестендіру критерийлері	9
6-тарау. Жасыл және әлеуметтік жобалардың тізілімі	9
7-тарау. Мониторинг	10
8-тарау. Ақпаратты ашу	10
9-тарау. Қорытынды ережелер	10
1-қосымша	11
2-қосымша	13
3-қосымша	14

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын көрсету кезіндегі «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының экологиялық және әлеуметтік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қызметін реттейтін Жарғыға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

Экспорттаушыларға қолдау шараларын ұсынудың жалпы тәсілдерін реттейтін негізгі ішкі нормативтік құжат Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 03 мамырдағы бекітілген (№ 7 хаттама) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының экспорттаушыларды қолдау саясаты болып табылады.

2. Саясат Қоғамға сақтандыру қызметтерін алу үшін жүгінетін қазақстандық экспорттаушылардың қызметіндегі экологиялық және әлеуметтік факторлардың Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігін есепке алу қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды.

3. Қазақстандық экспорттаушыларға қолдау шараларын ұсыну саласындағы міндеттерді шеше отырып, Қоғам мүмкіндігі бар жағдайларда қарастырылып отырған экспорттық бағыттағы жобаларға тән экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқарудың озық халықаралық тәжірибелері мен тәсілдерін пайдалануға ұмтылады. Озық халықаралық тәжірибелер деп Халықаралық қаржы корпорациясы (МФК), Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕБРР), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктері (ЭКА ОЭСР), соның ішінде АҚШ Экспорттық-Импорттық Банкі (ЭКСИМ) сияқты халықаралық ұйымдар мен даму институттары қызметінің стандарттары түсініледі.

4. Саясат Қоғамның «Заемдарды ерікті сақтандыру» және «Жобалық қаржыландыруды ерікті сақтандыру» сақтандыру өнімдерін пайдалана отырып қолдау көрсетілетін жобаларға қолданылады, олардың параметрлері осында айқындалған және сипатталған.

5. Осы Саясаттың ережелерін Қоғамның барлық жұмыскерлері өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпаратты тарату және коммуникацияның басқа да түрлері кезінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау бөлігінде сақтауға тиіс.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

6. Саясатта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1. ESG-факторлар - меншік нысанына қарамастан компаниялар мен ұйымдар өз қызметінде ұстанатынболғ және институционалдық инвесторлар мен қаржыландырушы ұйымдар өзінің инвестициялық стратегиялары мен кредит саясаттарында ескеретін экологиялық және әлеуметтік факторлар, сондай-ақ корпоративтік басқару факторлары (ESG - Environmental, Social, Governance);

2. Клиент - Қоғамның қолдауымен қазақстандық тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің экспортын жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

3. Жоба - Клиенттің экспортқа бағытталған өндірісін дамыту мақсатында Қоғамның заемды/жобалық қаржыландыруды ерікті сақтандыру қызметін ұсынуын көздейтін ықтимал немесе жасалған мәміле;

4. МФК стандарттары - клиент МФК инвестициялық жобасының бүкіл өмірлік циклі бойына сақтауға тиіс экологиялық және әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз ету жөніндегі қызмет стандарттары. Қызмет стандарттарында жоба шеңберіндегі тәуекелдер

мен әсерлерді айқындау жөніндегі ұсынымдар қамтылған, сондай-ақ бизнесті орнықты дамыту мақсатында клиенттерге тәуекелдер мен қолайсыз әсерлердің алдын алуға, олардың салдарларын жұмсартуға және оларды басқаруға көмек көрсетуге арналған;

5. ЕБРР-дің жобаларды іске асыруға қоятын талаптары — жобалар сәйкес келуге тиіс Жобаларды іске асыруға қойылатын нақты Талаптардың жан-жақты тізбесі. ЕБРР өзінің клиенттерінен өздері жүзеге асыратын жобаларға байланысты экологиялық және әлеуметтік мәселелерді осы жобалар негізді мерзім ішінде ЕБРР-дің іске асыруға қойылатын Талаптарының ережелерін қанағаттандыратындай етіп реттеуді күтеді;

6. Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалған жауапкершілік аймағында басқарушылық шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген Қоғам органы;

7. Орнықты даму - бұл даму кезінде Қоғам өзінің қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға тигізетін әсерін басқарады және мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып шешімдер қабылдайды. Орнықты даму болашақ ұрпақтардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс;

8. Жасыл жоба - Қазақстан Республикасының «жасыл» жобалар жіктеліміне (таксономиясына), сондай-ақ қажет болған жағдайда, Қоғам анықтамалық құжаттар ретінде қолданатын Еуропалық одақтың таксономиясын және Climate Bonds Initiative (CBI) қоса алғанда, орнықты қаржыландыру саласындағы халықаралық тәсілдерге сәйкес келетін экспорттаушының жобасы;

9. Әлеуметтік жоба - негізгі мақсаты жұмыс орындарын құруды, адам капиталын дамытуды, білім берудің, денсаулық сақтаудың, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыруды, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды, өңірлерді дамытуды және әлеуметтік қаржыландырудың халықаралық қағидаттарына сәйкес келетін өзге де бағыттарды қоса алғанда, оң әлеуметтік әсерге қол жеткізу болып табылатын жоба;

10. Орнықты жоба - осы Саясатта белгіленген экологиялық және (немесе) әлеуметтік критерийлерге жауап беретін жоба;

11. Жасыл және әлеуметтік жобалардың тізілімі - Қоғам осы Саясаттың критерийлеріне сәйкес деп сәйкестендірген жобалардың ішкі тізбесі.

3-тарау. Саясаттың қолданылу саласы, мақсаттары мен қағидаттары

7. Қоғам экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі Қазақстан Республикасының ұлттық даму институты бола отырып, өзінің негізгі мақсаты ретінде тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру және экспорттық мәмілелерді кепілдендіру арқылы қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің экспортын ынталандыруды, сондай-ақ Қазақстан Республикасына және шетелге инвестициялар тартуды көздейді. Сонымен бірге, Орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, өзінің негізгі мақсатымен қатар, Қоғам өзі үшін маңызды мақсат ретінде өндірістік қызметті жүзеге асыру шеңберінде Клиенттердің (жұмыс беруші болып табылатын) өзінің жұмыскерлерімен және өзге де мүдделі тараптармен еңбек және әлеуметтік қатынастарында қоршаған ортаны қорғауға және тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға жәрдемдесуді айқындайды. Қоғам өзінің Клиенттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қолдау шараларын көрсетеді.

8. Қоғам өзінің қызметінің сипатына байланысты экологиялық жағдайға елеулі тікелей әсер етпейді. Сонымен бірге, заемдарды/жобалық қаржыландыруды сақтандыру және/немесе қайта сақтандыру арқылы Клиенттерге қолдау көрсете отырып, Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ететін

объектілерге жатқызылатын өнеркәсіптік өндірісті құру және дамыту процесін қаржыландыруға елеулі ықпал етуге қабілетті. Осыған байланысты экспорттаушыларға қолдау шараларын көрсету бойынша өзара қарым-қатынастар Саясаттың қолданылу саласы болып айқындалды.

9. ЭКСИМ мен ЭКА, ОЭСР-дің жобалардың экологиялық және әлеуметтік маңыздылығын, яғни олардың жергілікті, өңірлік немесе республикалық масштабтағы экологиялық және әлеуметтік жағдайға әсер ету дәрежесін айқындау жөніндегі тәжірибесіне сүйене отырып, Қоғам мынадай параметрлерге сәйкес келетін Жобаларды Саясаттың таралу саласы деп айқындайды:

- 1) заемның/лизингтің/жобалық қаржыландырудың мақсаты – инвестициялық;
- 2) Жоба бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі – 2 жылға тең немесе одан асады.

10. Қоғам қолдау көрсетілетін экспорттаушылар қызметінің экологиялық және әлеуметтік аспектілерін (ESG-факторларды) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына әсер ететін тәуекел факторлары ретінде де қарастырады. Осыған байланысты Қоғам өзінің негізгі қызметіне ESG-факторларын есепке алуды енгізуге және оларды соларға байланысты ықтимал сақтандыру тәуекелдерін азайту үшін пайдалануға ұмтылады.

11. Клиенттердің Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасын сақтауы Жобаларды қарау кезіндегі Қоғамның базалық талабы болып табылады. Бұл ретте Қоғам МФК Стандарттарына және/немесе ЕБРР-дің жобаларды іске асыруға қоятын Талаптарына сәйкес келетін шешімдер мен тәжірибелерді енгізу арқылы Клиенттерді базалық талаптардан асып түсуге күш салуға ынталандыруға ұмтылады.

12. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және экологиялық әрі әлеуметтік жауапкершілік саласындағы үздік тәжірибелер шеңберінде Клиенттерді хабардар ету есебінен, мүмкіндік бар жағдайларда Жобалар іске асырылғанға дейін немесе оларды іске асырудың бастапқы кезеңінде теріс экологиялық және әлеуметтік әсердің алдын алу үшін Клиенттердің уақтылы шаралар қабылдауына ықпал етуге ұмтылады.

13. Саясаттың мақсаттары мыналар болып табылады:

1) мүмкіндігі бар кезде, Қазақстандағы, сондай-ақ өнім экспорты өңірлеріндегі қолдау көрсетілетін экспортқа бағытталған өндірістердің қызметінен қоршаған ортаға, әлеуметтік қатынастарға және міндеттемелерге теріс әсер етудің ықтимал тәуекелдерін азайту;

2) Клиенттерді өздерінің экономикалық қызметінен болатын оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, соның ішінде ресурстар тиімділігін, көміртек менеджментін арттыруға ықпал ететін тәжірибелерді қолдануға ынталандыру;

3) Клиенттердің экспортқа бағытталған өндірісінің экологиялық және әлеуметтік құрауышына байланысты Қоғам қабылдайтын сақтандыру тәуекелдерін азайту;

4) Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасын бұзатын кәсіпорындарға қолдау көрсетуге байланысты репутациялық тәуекелдерді азайту.

14. Саясатты іске асыру кезінде Қоғам мынадай қағидаттарды ұстанады:

1) алдын алу қағидаты - қоршаған ортаның ластануын, табиғи ортаның тозуын, экологиялық зиянның келуін және адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келуін туғызатын немесе туғызуы мүмкін кез келген қызметке Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген шектерде, тек қоршаған ортаға әсер ету көзінің өзінде аталған салдарлардың алдын алу үшін барлық қажетті шаралар қамтамасыз етілген жағдайда ғана жол беріледі;

2) орнықты даму қағидаты - табиғат пен оның ресурстары Қазақстан Республикасының байлығын құрайды және оларды пайдалану орнықты болуға тиіс. Мемлекет осы және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін табиғи ресурстарды теңгерімді әрі

ұтымды басқаруды қамтамасыз етеді. Қоғам мемлекеттік қолдау көрсету туралы шешім қабылдау кезінде қолдау көрсетілетін өндіріске тән экологиялық және әлеуметтік факторларды ескереді. Қоршаған ортаға және әлеуметтік қатынастарға заңнамада жол берілмейтін зиян келтіретін экономикалық қызметті Қоғам өзге де оң факторларға қарамастан қабылдамайды;

3) экологиялық ақпараттың қолжетімділігі қағидаты – Қоғам экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарда белгіленген негіздерде, шарттарда және шектерде пайдаланады;

4) әлеуметтік тәуекелдер мен әсерді басқару, жанжалдар мен қауіпсіздікті басқару, еңбек және тіршілік ету құралдары саласында адам мен азаматтың құқықтарын шектеуге жол бермеу;

5) еңбек саласындағы кемсітушілікке (дискриминацияға), мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар нысандарына тыйым салу;

6) қауіпсіздік, денсаулық және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына құқықты қамтамасыз ету;

7) біз темекі мен алкоголь өнімдерінің, байланыстырылмаған асбест талшықтарының немесе байланыстырылған асбест басым болатын басқа да өнімдердің, генетикалық инженерияның және қатігез бейнеойындардың денсаулыққа тигізетін әсеріне және соған байланысты тәуекелдерге назар аударуды танимыз;

8) даулы бизнес секторларының және/немесе генетикалық түрлендірілген организмдерді, аң терісін, пестицидтерді, хлорланған көмірсутектерді пайдалануға, жануарларға сынақ жүргізуге байланысты тәжірибелердің тізбесін енгізу.

15. Ерекшеліктер парағы оларға қатысты Қоғамның Экспорттаушыларды қолдау саясатында немесе Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қолдау ұсынбайтын қызмет түрлерінің, тауарлар мен қызметтердің тізбесі болып табылады.

16. Қоғам мынадай секторлар мен қызмет түрлеріне жататын жобаларға, тауарлар мен қызметтерге қолдау ұсынмайды:

17. өндіруші өнеркәсіп (шикізат секторы):

1) мұнай мен газ өндіру;

2) көмір өндіру.

2. әлеуметтік және этикалық ерекшеліктер:

1) балалар немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалану;

2) адам құқықтарын бұзу, кемсітушілік (дискриминация) және еңбек құқықтарын шектеу;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұра отырып жүзеге асырылатын және халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қызмет.

3. ESG-тәуекелі жоғары қызмет:

ойын бизнесін ұйымдастыруға және өткізуге байланысты қызмет.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген шектеу Қоғамның Экспорттаушыларды қолдау саясатында және басқа да ішкі құжаттарында тікелей көзделген жағдайларда, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған басымдықтар болған кезде қолданылмайды.

17. Қоғамның экологиялық және әлеуметтік саясаты мақсаттары үшін Ерекшеліктер парағы мыналарға негіз ретінде пайдаланылады:

1) жобаның қолайлылығын алдын ала бағалау;

2) ESG-критерийлері тұрғысынан жобаны жол берілмейтін немесе шектеулі жол берілетін жобаларға жатқызу;

3) орнықты қаржыландырудың сыртқы стандарттарын ескеру.

18. Осы Қолдауға жатпайтын қызмет түрлерінің, тауарлар мен қызметтердің тізбесі халықаралық стандарттардың, рейтингтік агенттіктер талаптарының, сондай-ақ OECD (ОЭСР) және International Finance Corporation (МФК) тәсілдерінің өзгерістерін ескере отырып, жүйелі түрде қайта қарауға және өзектендіруге жатады.

19. Саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғамның мыналарға құқығы бар:

1) Клиенттен, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарынан, өзге де мүдделі тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға;

2) ашық көздерден алынған ақпаратты, соның ішінде интернет-жарияланымдарды пайдалануға;

3) халықаралық ұйымдар ұсынған ақпаратты пайдалануға;

4) мамандандырылған бағалауды жүргізу арнайы білімді талап ететін жағдайларда, Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен консультанттар мен сарапшыларды тартуға;

5) сыртқы сарапшыларды тарта отырып (қажет болған жағдайда) объектіге баруды жүзеге асыруға;

6) клиенттерге ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізуді ұсынуға, сондай-ақ өнім дизайнында, қаптамада, маркетингте және сату тәжірибесінде клиенттердің қауіпсіздік шараларын, соның ішінде кәметке толмағандарға өнімдерді сатуды болдырмау үшін көрсетуге.

4-тарау. Сақтандыру қолдауын көрсету кезінде экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу

20. Жобаларды қарау кезінде экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу және бағалау Клиенттерді қарау және оларға қолдау көрсету процесін регламенттейтін Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, ол мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Клиенттің кәсіпорны жататын экономика саласын зерделеу, оған тән экологиялық және әлеуметтік проблемаларды айқындау;

2) Клиенттен өндірістің Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ осы салалардағы қажетті рұқсат беру құжаттарының болуын растайтын ақпаратты алу;

3) ұсынылған мәліметтер жеткіліксіз болған, ұсынылған құжаттарда қарама-қайшылықтар анықталған не Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына ықтимал сәйкессіздік туралы ақпарат болған жағдайда Қоғам қоршаған ортаны қорғау және еңбек саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына жүгінуге құқылы;

4) Қоғам Клиенттің қызметінің экологиялық және әлеуметтік факторлары туралы теріс ақпараттың болуы мәніне бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, оның коммерциялық қызметіне қатысты жұртшылықтың пікірін зерделейді;

5) экологиялық және әлеуметтік факторлардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Қоғам Клиентті осы фактілер туралы хабардар етеді. Клиент анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша жұмыс жүргізуге және тиісті ақпаратты Қоғамның қарауына қайта ұсынуға құқылы;

6) экологиялық және әлеуметтік факторларға қатысты ақпарат (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі/сәйкессіздігі) қарастырылып отырған Жоба бойынша қорытындыға енгізіледі, ол сақтандыру туралы шешім қабылдау үшін

Уәкілетті органның қарауына жіберіледі. Жоба Қазақстан Республикасының экологиялық және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қоғам Жобаны қолдаудан бас тартуға құқылы.

21. Клиент өндірісінің бөлек экологиялық және әлеуметтік факторлары «Жасыл» жобалардың жіктеліміне (таксономиясына) (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленген) және/немесе МФК Стандарттарына және/немесе ЕБРР-дің жобаларды іске асыруға қоятын Талаптарына сәйкес келген жағдайда Жоба Қоғам үшін артықшылықты болып табылады. Осы факт, басқа шарттар тең болған кезде, сақтандыру туралы шешім қабылдау кезінде Қоғам тарапынан басымдық ретінде қарастырылуы мүмкін.

5-тарау. Жасыл және әлеуметтік жобаларды сәйкестендіру критерийлері

22. Орнықты даму қағидаттарын іске асыру, Жалғыз акционердің саясатына сәйкес бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында Қоғам жасыл жобаларды да, әлеуметтік жобаларды да сәйкестендіруді жүзеге асырады (1-қосымша).

23. Сәйкестендіру сақтандыру қолдауы жобаларын қарау кезінде жүзеге асырылады және:

- 1) ESG-факторларды бағалау кезінде;
- 2) ішкі есептілікті дайындау кезінде;
- 3) Жалғыз акционерге шоғырландырылған есептілікті қалыптастыру кезінде;
- 4) Қоғамның орнықты портфелінің құрылымын талдау кезінде пайдаланылады.

24. Жобаларды сәйкестендіру кезінде Қоғам:

- 1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін;
- 2) «Жасыл» облигациялар мен «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалар санаттарының ұлттық жіктелімін (таксономиясын);
- 3) Жалғыз акционердің ішкі нормативтік құжаттарын;
- 4) Еуропалық одақтың таксономиясын (EU Taxonomy);
- 5) Climate Bonds Initiative (CBI);
- 6) Халықаралық қаржы корпорациясының қызмет стандарттарын (IFC Performance Standards) басшылыққа алады.

25. Егер жоба:

- 1) Ерекшеліктер парағына кірсе;
- 2) экологиялық заңнаманы бұзса;
- 3) еңбек заңнамасын бұзса;
- 4) адам құқықтарын бұзса;
- 5) осы Саясатта тыйым салынған қызметпен байланысты болса, ол жасыл немесе әлеуметтік деп таныла алмайды.

26. Жобаны сәйкестендіру кезінде Қоғам:

- 1) саланы;
- 2) таксономияға сәйкестікті;
- 3) экологиялық әсерді;
- 4) әлеуметтік әсерді;
- 5) ESG-тәуекелін;
- 6) климаттық тәуекелді ескереді.

27. Қоғам жобаларға ресми «жасыл» немесе «әлеуметтік» мәртебесін бермейді, ал шешімдер қабылдау, ESG-тәуекелдерін басқару және корпоративтік есептілік жүргізу мақсатында оларды сәйкестендіруді және есепке алуды жүзеге асырады.

6-тарау. Жасыл және әлеуметтік жобалардың тізілімі

28. Жасыл және әлеуметтік жобаларды сәйкестендіру нәтижелері бойынша Қоғамның Жасыл және әлеуметтік жобаларының тізілімі қалыптастырылады (2-қосымша). Тізілім белгіленген сәйкестендіру критерийлеріне сәйкес деп танылған жобаларды қамтиды және оларды есепке алу, мониторингтеу, ішкі және сыртқы есептілікті дайындау, сондай-ақ жобалардың орнықты қаржыландыру қағидаттарына сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі.

29. Тізілімді орнықты даму мәселелеріне жауапты уәкілетті құрылымдық бөлімше жүргізеді.

30. Тізілімге осы Саясатта белгіленген сәйкестендіру критерийлеріне сәйкес деп танылған жобалар жобаның жасыл және/немесе әлеуметтік жобаны сәйкестендіру критерийлеріне сәйкестігі туралы тиісті қорытынды (3-қосымша) негізінде енгізіледі.

31. Тізілім қызметтік пайдалануға арналған Қоғамның ішкі құжаты болуы болып табылады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ашуға немесе үшінші тұлғаларға ұсынуға жатпайды.

7-тарау. Мониторинг

32. Қолдау көрсетілген Жобалар бойынша Клиентке кеңейтілген қаржылық мониторинг жүргізу барысында Қоғам өндірістің экологиялық және әлеуметтік факторларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне де талдау жүргізеді.

33. Мониторинг процесі Қоғамның сұрау салуы бойынша Клиент ұсынатын экологиялық және әлеуметтік саладағы қызмет көрсеткіштері туралы мерзімді есептерді тексеруді қамтуы мүмкін.

34. Экологиялық және еңбек заңнамасын сақтау туралы ақпарат Уәкілетті органның қарауына жіберілетін кеңейтілген мониторинг жүргізу туралы қорытындыға енгізіледі.

8-тарау. Ақпаратты ашу

35. Саясат қалың жұртшылық үшін ашық болып табылады және Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылады.

36. Саясат сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын басқа да мәліметтерді қоспағанда, жариялылық мен ашықтық негізінде іске асырылады.

9-тарау. Қорытынды ережелер

37. Осы Саясат оны Уәкілетті орган бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

38. Қоғам тиісті бизнес-процестерді кейіннен әзірлеу, оларды орындауға жауапты құрылымдық бөлімшелер мен жұмыскерлерді айқындау арқылы Саясатты іске асырады.

39. Осы Саясатта көзделген халықаралық стандарттар мен ұсынымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Жасыл және әлеуметтік жобаларды сәйкестендіру

1. Жоба туралы жалпы ақпарат

Көрсеткіш	Ақпарат
Клиенттің атауы	
БСН	
Жобаның атауы	
Экспорт елі	
Экономика саласы	
ЭҚЖӨ коды	
Сақтандыру өнімінің түрі	
Сақтандыру қолдауының сомасы	
Жобаның жалпы құны	
Жобаны іске асыру мерзімі	
Жауапты орындаушы	

2. Міндетті талаптарды тексеру

№	Критерий	Иә	Жоқ	Растайтын құжат
1	Жоба экономиканың шикізаттық емес секторына жатады			
2	Жоба Экспорттаушыларды қолдау саясатына сәйкес келеді			
3	Жоба Ерекшеліктер парағына кірмейді			
4	Қажетті экологиялық рұқсаттар бар			
5	Еңбек заңнамасының талаптары сақталады			
6	Елеулі экологиялық бұзушылықтар туралы мәліметтер жоқ			

* Кемінде бір «Жоқ» жауабы болған кезде анықталған сәйкессіздіктер жойылғанға дейін жоба жасыл немесе әлеуметтік болып сәйкестендіріле алмайды.

3. Жасыл жобаны сәйкестендіру

№	Критерий	Иә	Жоқ	Ескертпе
1	ЖЭК жаңартылатын энергия көздері			
4	энергия тиімділігі			
5	таза транспорт			
6	сүмен жабдықтау			
7	сарқынды суларды тазарту			

8	қалдықтарды қайта өңдеу			
9	ластанудың алдын алу			
10	орнықты ауыл шаруашылығы			
11	төмен көміртекті өндіріс			
12	жасыл құрылыс			

4. Әлеуметтік жобаны сәйкестендіру

№	Критерий	Иә	Жоқ	Ескертпе
1	жұмыс орындарын құру			
2	қауіпсіз еңбек жағдайлары			
3	жұмыспен қамтуды арттыру			
4	жоба өңірлерді дамытуға ықпал етеді			
5	ШОБ субъектілерінің экспорттық әлеуетін дамыту			
6	әйел кәсіпкерлерді қолдау			
7	жастарды қолдау			
8	халықтың өмір сүру сапасын арттыру			
9	әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту			

Жасыл және әлеуметтік жобалардың тізілімі

[illegible]

**Жобаның жасыл және/немесе әлеуметтік жобаны сәйкестендіру
критерийлеріне сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы қорытынды**

№	20__ жылғы «__» _____	
№	Қорытынды	
1	Жоба туралы мәліметтер:	
	Клиент	
	Жобаның атауы	
	Сала	
	Сақтандыру қолдауының сомасы	
2	Сәйкестендіру нәтижесі	
	Жоба түрі: жасыл/әлеуметтік	
	Сәйкестендіру критерийлеріне сәйкестігі: сәйкес келеді/сәйкес келмейді	
3	Негіздеме	
	Жоба мынадай негіздемелер бойынша жасыл және/немесе әлеуметтік жобаны сәйкестендіру критерийлеріне сәйкес келеді/сәйкес келмейді деп танылды:	
4	Шешім	
	Жобаны Жасыл және әлеуметтік жобалардың тізіліміне енгізу	
	Жобаны Жасыл және әлеуметтік жобалардың тізіліміне енгізбеу	
5	Жауапты тұлға	
	Т.А.Ә.	
	Лауазымы	
	Қолы	
	Күні	